

"Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № 318 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 60 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 тамызда № 21130 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12656 болып тіркелген, 2016 жылғы 17 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

қосымшада:

"Алдыңғы тексерулердің және субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері" (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда белгіленеді) бөлімінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 26 және 27-жолдармен толықтырылсын:

"

26	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу	Өрескел
27	Өндірістік кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуіне бақылау жүргізу	Өрескел

";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Өнім шығарумен және жасаумен, пайдалы қазбаларды игерумен, өндірумен және қайта өңдеумен, құрылыспен және өндірістік қызметтің басқа да түрлерімен айналысатын ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 26-жолмен толықтырылсын:

"

26	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	---	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 27-жолмен толықтырылсын:

"

27	Өндірістік кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуіне бақылау жүргізу	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	--	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Өндірістік емес саладағы (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамақтану бойынша қызметтер) ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 26-жолмен толықтырылсын:

"

26	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	---	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Жұмыскерлері еңбек қызметін кеңсе үй-жайларында жүзеге асыратын өндірістік емес саладағы ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 24-жолмен толықтырылсын:

"

	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері				
--	--	--	--	--	--

24	бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	--	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрі

_____ Р. Даленов

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрі

_____ Б. Нурымбетов

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу

жөніндегі комитеті